

Балалардың өмірі мен тәрбиесін ұйымдастыруды жоспарлау циклограммасы 32 апта

Білім беру ұйымы: «Дән» бөбекжайы МКҚК

Тобы: «Бөбек» әр түрлі жастағы тобы

Тәрбиешілер: Курманбаева А.Н.

Балалардың жасы: 2, 3 жас.

Шулембаева Ж.С.

Жоспардың құрылу кезеңі: 07.04.2025. жыл - 11.04.2025жыл.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 07.04.2025	Сейсенбі 08.04.2025	Сәрсенбі 09.04.2025	Бейсенбі 10.04.2025	Жұма 11.04.2025.
Балаларды қабылдау.	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Ойын орталықтарындағы балалардың еркін ойындары, көктемгі ауа-райы, ойыншықтар, демалыс күндері, алдағы күндер туралы сөйлесеміз, балалардың тілектерін тыңдаймыз. (сөйлеу белсенділігін дамыту-сұрақтарға жауап беру, басқалардың сөйлеуін есту және тыңдау қабілеті, коммуникативті, ойын әрекеті арқылы) Сөздік қоры: Сәлеметсіз бе, Сәлеметсіздер ме!				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес әңгімелесу.	Ата-аналармен балалардың денсаулығы, ауа-райы, киінуі бойынша әңгімелесу. Баланың жағдайы, денсаулығы туралы, баланың үйдегі күн тәртібі туралы, тәрбиесі туралы жаңадан келген балалардың бейімделу кезеңі туралы сұрақтар бойынша ата-аналармен жеке әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Шаттық шеңбер (музыка тыңдау-шығармашылық әрекеті арқылы айтылу сипатына сәйкес музыкалық қозғалыста. Мен ғарышкер боламын, Жұлдыздарды анықтайм, Отанды мен қорғаймын, Айналаны зерттейм. Тоқтар, Талғат ағамдай, Болғым келед солардай, Ағаларды сыйлаймын, Айтқандарын тыңдаймын. Әңгімелесу: «Ғарыш әлемі» (танымдық, ойын әрекеті арқылы қоршаған ортамен танысу.)				

	<p>Міндеттер: Ғарыш әлемі, ғарышкерлер туралы әңгімелеседі. Сөздік қоры: ғарыш. Еңбек: табиғат бұрышында, ойын бұрышында, шығармашылық бұрышында. Міндеттері: табиғат бұрышында қандай еңбек жасау керек екенін біледі. Балықтарды, гүлдерді күтуде тәрбиешіге жан-жақты көмек көрсете алады. Ойын бұрышында тәртіп сақтайды және ойыншықтар жинауға көмектеседі.</p>				
Ертенгілік жаттығу	№ 1 Таңғы жаттығу кешені – (физикалық белсенділігін дамыту) «Көңілді жаттығу»				
Таңғы ас	<p>Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орын білу, қолды дұрыс сүртуі және сүлгіні іліп қою, Тақпақ. (қазақ тілі-коммуникативтік, ойын әрекеті) Кел күлейік, Кел балалар, күлейік. Күлкіменен түлейік, Күлкі көңіл ашады. Күліп өмір сүрейік. (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару: тамақтану мәдінетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс , әдептіліке сақтау. Балалардың ұқыпшылығын бағалау. Сөздік қоры: Рақмет.</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық	<p>Дидактикалық ойын: «Тез-ақырын» (сөйлеуді дамыту-коммуникативтік, ойын әрекеті) Міндеті: балаларға тақпақтарды, жаңылтпаштарды тез және ақырын айтуға үйрету.</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Аттар тұяқтарымен тарсылдатады» (сөйлеуді дамыту-коммуникативтік, ойын әрекеті) Міндеті: балалардың артикуляциялық аппаратын дамыту. Дыбыстық жаттығу жасау арқылы «р» дыбысын анық айтуға жаттықтыру.</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Шарды үрле» (математика негіздері-ойын, танымдық әрекет) Міндеті: балаларды сөйлеу барысында дұрыс тыныс алуға үйрету.</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Сабын көбіктері» (қоршаған ортамен танысу-элеуметтік әрекеті) Міндеті: балаларды дұрыс тыныс алуға үйрету</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Құс мамығын үрле» (сөйлеуді дамыту-коммуникативтік, ойын әрекеті) Міндеті: балаларды сөйлеу барысында дұрыс тыныс алуға үйрету.</p>

<p>Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Сенсорика, математика негіздері «Үлкен алманы тап» ойын: (2 жас) Міндеті: әр түрлі көлемдегі заттарды атау. Сөздік қоры: үлкен. (3 жас) «Артық суретті тап» ойыны Міндеті: геометриялық пішіндерді ажырату. Сөздік қоры: көп. Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиеті. «Қоянның көлігі» ойыны. (2 жас) Міндеті: көліктерді атау. Сөздік қоры: көлік. «Көлікті дұрыс орналастыр» ойыны. (3 жас) Міндеті: көлік құралдарын атауларын дұрыс айтуға үйрету.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиеті. (2 жас) «Кірпі» ойыны Міндеті: сөйлеу қарқының, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеру. Сөздік қоры: кірпі. (3 жас) «Қоян» ойыны Міндеті: дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудару. Сөздік қоры: қоян. Дене тәрбиесі. «Кім жылдам?» ойыны (2 жас) Міндеті: заттардың арасымен жүгіру. Сөздік қоры: жүгір. Дене тәрбиесі (дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша) Сенсорика, математика негіздері «Орнына орналастыр» ойыны</p>	<p>Дене тәрбиесі (дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша) (3 жас) «Балерина» ойын. (2 жас) Міндеті: аяқ ұшымен жүру. Сөздік қоры: жүр. Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет. «Мынау қандай құс?» ойыны (2 жас) Міндеті: сөйлеу қарқының, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеру. Сөздік қоры: қарға. «Дала құстарын ата» ойыны (3 жас) Міндеті: дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудару. Сөздік қоры: дала құстары.</p>	<p>Сенсорика, математика негіздері «Үшбұрышты тап» (2 жас) ойыны. Міндеті: өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру. Сөздік қоры: үшбұрыш. «Үшбұрыш неге ұқсайды?» ойыны (3 жас) Міндеті: көлемі бойынша әртекті заттарды салыстыру. Сөздік қоры: үшбұрыш. Қазақ тілі «Қуыршақтың білезігі» ойыны. (3 жас) Міндеті: баланың сөздік қорын дамыту. Сөздік қоры: білезік. Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет «Үйшік» ойыны. (2 жас) Міндеті: кітаптардағы суреттерді қарау.</p>	<p>Ғарышкерлер күніне арналған дебат («Ұшқыр ой аланы») жұмыс жобасы бойынша Музыка «Ғарыш» ойыны (2 жас) Міндеті: музыка деген қызығушылықты ояту, музыка тындауға баулу. Сөздік қоры: ғарыш. (3 жас) «Мен ғарышкермін» Міндеті: ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу. Сөздік қоры: ғарышкер. Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет. «Ғарыш» ойыны (2 жас) Міндеті: сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету. Сөздік қоры: ғарыш. (3 жас) «Тапсырманы дұрыс</p>
---	---	---	---	--	--

	<p>Сөздік қоры: көлік. Қоршаған әлеммен таныстыру. «Көктемгі жел» ойыны. (2 жас) Міндеті: табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Сөздік қоры: жел. (3 жас) «Табиғат құбылыстары» ойыны. Міндеті: табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: жаңбыр. Сөздік қоры: жаңбыр.</p>	<p>(3жас) Міндеті: әр түрлі көлемдегі заттарды атау. Сөздік қоры: көлем. «Суреттерді сәйкестендір» ойыны (2жас) Міндеті: өлшемі бойынша салыстыру. Сөздік қоры: кіші.</p>		<p>Сөздік қоры: аю. (3жас) «Ертегідегі кейіпкерді ата» Міндеті: педагогтің көмегімен өленді толық қайталауға ынталандыру. Сөздік қоры: тышқан. Дене тәрбиесі «Қаз бен бақа» ойыны. (2 жас) Міндеті: әр түрлі қарқынмен жүгіру, секіру. Сөздік қоры: жүр, секір. (3 жас) Дене тәрбиесі (дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)</p>	<p>орында» ойыны. (3жас) Міндеті: педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою. Сөздік қоры: ғарыш. Сенсорика, математика негіздері (2 жас) «Ұқсасын тап» ойыны. Міндеті: заттарды салыстыру. Сөздік қоры: пішін. (3жас) «Геометриялық пішінді дұрыс орналастыр» ойыны Міндеті: екі затты өлшемі бойынша салыстыр. Сөздік қоры: пішін.</p>
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер арасында сергіту сәттерін өткізу.</p>					
<p>№ 1 серуенге дайындық</p>	<p>Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық ойын жабдықтары мен спорттық жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Балаларды реттілікпен киінуін (ауа райына байланысты) бақылау (сөйлеу дамыту өзіне өзі қызмет көрсету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</p>				

№ 1 серуен	<p>Бақылау: қарғаны, сауысқанды бақылау. Міндеті: сауысқан, торғай, қарғаның қимылы-қозғалыстарындағы өзгешеліктерді байқауға және айтуға үйрету. т.б Сөздік қоры: қарға, сауысқан. Қимылды ойындар: «Құстар мен мысық», «Ұшты-ұшты» Жеке жұмыс. 4-5 баланы көздеп түсіруге жаттықтыру. Еңбек. Телімді жинастыру. Жұмбақ жасыру. Қайталап атымды, Көктемде ән саламын. Кез келген ұяға Жұмыртқа саламын. (көкек) Ұшқаны қызық жалпылдап, Өзі сондай қарқылдақ. (қарға)</p>	<p>Бақылау: бұлттарды бақылау. Міндеті: ауа райы туралы өз ойларын айтуға үйрету, кешегі күнгі ауа райымен салыстырып өзгешелігін айырып атауға жұмыстану. Сөздік қоры: бұлт. Қимылды ойындар: «Мысық пен тышқан», «Не өзгерді?» Жеке жұмыс. Аспан туралы жұмбақтар шешу. Еңбек. Телімдегі қағаз- қоқыстарды жинау. Жұмбақ. Желмен ұшып жетеді, Желмен ұшып кетеді. (бұлт)</p>	<p>Бақылау: торғайды бақылау. Міндеті: дала құсы - торғай туралы біледі. Сөздік қоры: торғай. Қимылды ойындар: «Арқан тартыс» Міндеті: әртүрлі қимылдар жасау арқылы денелерін ширатып, көңілдерін көтереді. Жеке жұмыс. Үш-төрт балаға «Аталған құсты көрсет» Еңбек. Құстарға жем шашу. Көркем сөз. Жұмбақ. Балалармен достасып, Жазда бақты қорғайды. Күзде кетер қоштасып, Кім біледі... (торғайды).</p>	<p>Бақылау: жаңбырды бақылау. Міндеті: жаңбырды, ауа райының өзгеруін, табиғат құбылыстарын бақылау. Сөздік қоры: жаңбыр. Қимылды ойындар: «Жаңбыр мен күн» «Қолшатыр» Жеке жұмыс. 4-5 баланы көздеп түсіруге жаттықтыру. Еңбек. Аланды жинастыру. Жұмбақ жасыру. Аспаннан домалап, Көп моншақ төгілді. Бусанып жон-алап, Терледі, керілді. (Жаңбыр)</p>	<p>Бақылау: көшедегі көліктерді бақылау. Міндеті: көшедегі көліктер мен тәртіп сақтау туралы, жол жүру ережесі туралы, көліктердің көптеген түрі туралы білімдерін анықтап, толықтыру. Сұрақтар: Көшедегі көліктер қандай? Көшедегі көліктер бір бағытта жүре ме, әлде екі бағытта жүре ме? Жүргіншілер қайда, қандай жолмен жүрулері керек? Сөздік қоры: көше. Қимылды ойын: «Жанады жанбайды» ойыны. Міндеті: тез жүгіруге, шыдамдылыққа жаттықтыру. Еңбек: балабақшаның маңын қоқыстан тазарту. Міндеті: күрекпен жұмыс істеуге, бірлесіп еңбек атқаруға, істі аяғына дейін тиянақты</p>
------------	--	---	--	--	---

					орындауға үйрету. Жұмбақтар: Менің үш көзім бар, Бір көзім «кідір» дейді, Бір көзім «жүгір» дейді, Бір көзім «абайла» дейді, «Қарап ал маңдайға!» - дейді (Бағдаршам)
Серуеннен оралу	Жүйелі түрде шешіну, киімді шкафқа салу, қолды жуу.				
Түскі ас	<p>Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару : тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс, этикет ережелері. Балалардың ұқыптылығын бағалау. Сөздік қоры: Рақмет.</p>				
Күндізгі ұйқы	<p>Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды, өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Ұйқы кезінде бала басына көрпені жауып, мұрнын жастыққа көміп тастамауын, жастықта баланың денесі емес, тек басы жатуын қадағалау. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Ертегі оқу. «Батыл қоян» Мақсаты: Балаларға шын көңілден шаттық көңіл күй сыйлау. Балаларды ертегінің мазмұнын дұрыс түсініп, сұраққа жауап беруге үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің іс — әрекетін сезіну және одан әсер алу, қызығушылық әрекетін қабілеттерін ояту. Ертегілер арқылы балаларды адамгершілікке, мейірімділікке және адалдыққа тәрбиелеу.</p>				

	(көркем әрекет-коммуникативті қызмет) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тында				
Біртіндеп ояну, сауықтыру шаралары	<p>№ 1 кешен: Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету Шомылған баланы, Аймалап алады. Сүртеді қолыңды, Сүртеді жоныңды. (мәдени-гигиеналық дағдылар).</p>				
Бесін ас	<p>Кезекшілердің жұмысы (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою) Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау. Сөздік қоры: қолды жуу, сүлгі, ас болсын!</p>				
Балалардың дербес іс- әрекеттер	<p>Дид. ойын: «Ғарыш» (2 жас) (сурет салу, жапсыру, құрастыру, мүсіндеу-ойын, шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті) Міндеті: белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды</p>	<p>Дид. ойын: «Көпір» (3жас) (сурет салу, жапсыру, құрастыру, мүсіндеу-ойын шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті) Міндеті: қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинауды жалғастыру.</p>	<p>Дид. ойын: «Білезік» (2 жас) (сурет салу, жапсыру, құрастыру, мүсіндеу-ойын, шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті) Міндеті: қуыршаққа арналған әшекейді мүсіндеу. Сөздік қоры: білезік.</p>	<p>Дид. ойын: «Ғарышкер» (3жас) (сурет салу, жапсыру, құрастыру, мүсіндеу-ойын шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті) Міндеті: қорапқа құрылыс бөлшектерін</p>	<p>Дид. ойын: «Зымыран» (2 жас) (сурет салу, жапсыру, құрастыру, мүсіндеу-ойын, шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті) Міндеті: фланелеграфта машиналарды орналыстыру.</p>

	уаждану. Сөздік қоры: ғарыш.	Сөздік қоры: көпір.		ұқыптылықпен жинауды жалғастыру. Сөздік қоры: ғарышкер.	Сөздік қоры: зымыран.
Балалармен жеке жұмыс	Балалармен жеке жұмыс жеке карталарға сәйкес жүргізіледі: әңгіме, дидактикалық ойындар, сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, байланыстырып сөйлеу, бейнелеу өнері арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту және т.б. (сөйлеудің дамыту, математика негіздері)				
	Ойын: «Қиындыларды дұрыс бөл» (көркем әдебиет-коммуникативтік, ойын әрекеті) Міндеті: қиындыларды түсі мен ұзындығы бойынша айыра білуге жаттықтыру. 2 жас Ержан Батыр Закревская Лиана Тасболат Ұлан Кабиева Амина	Ойын: «Қандай сандар жетіспейді?» (математика негіздері-ойын, танымдық әрекет) Міндеті: сандарды тани білуге, аталған сан арасындағы санды атай білуге үйрету. 3 жас Айдарбек Болатхан Гуменяк Милана Жұматай Шах-Керім Тағар Темірлан	Ойын «Моншақтарды тізу» (математика негіздері- ойын, танымдық әрекет) Міндеті: моншақты түстеріне қарай кезектестіріп тізуді біледі. 2 жас Слипченко Макар Курманбаев Нияр Есен Бекзат Амангелді Алуа	Ойын: «Қатты-ақырын-сыбырлап» (қазақ тілі-коммуникативтік, ойын әрекеті) Міндеті: балаларға қатты, сыбырлап, ақырын сөйлеуге үйрету. 3 жас Досанов Ислам Утенова Тамила Хажбатыров Джохар	Ойын «Көрші-көрші» (қоршаған ортамен танысу- әлеуметтік, ойын әрекеті) Міндеті: құрамын атап, неше бірліктен тұратынын, салыстыра білуге үйрету. 2 жас Пинчук Ростислав Жақұпбекова Айша Қанат Дарын Тасболат Ұлан
Кешкі ас	Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою, Үлкендердің – көмекшінің, мұғалім мен аспаздың еңбегін құрметтеп, бағалауды үйренеді. Сөздік қоры: Рахмет. Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет				

	ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау.				
№ 2 серуенге дайындық	Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау «Киімді қалай киюге болады?» әңгіме Киімдердің тазалығын сақтау қажет. Киінгенде киімнің түймесінің дұрыс қадап, көйлекті шалбардың немесе юбканың ішіне салынғанын қадағалау керек. Шұлықтың, аяқ киімнің он киілуіне баса назар аудару керек. (Сөйлеуді дамыту-коммуникативті қызмет)				
№ 2 серуен	Ауа-райы құбылыстарын және табиғи объектілерді бақылау (қоршаған ортамен танысу, танымдық және зерттеу әрекеті), әңгімелесу (сөйлеуді дамыту), ересектердің көмегімен ұйымдастырылған спорттық, қимылды және ұлттық ойындар (дене белсенділігі), еңбек әрекеті.				
	Қимылды ойын: «Кім шапшаң?» Міндеті: шапшаң, жылдам болуға дағдыланады. (дене қозғалысы)	Қимылды ойын: «Мысық пен торғайлар» Міндеті: шапшаң, жылдам болуға дағдыланады. (дене қозғалысы)	Қимылды ойын: «Оқтау тартыс» Міндеті: шапшаң, жылдам болуға дағдыланады. (дене қозғалысы)	Қимылды ойын: «Ұшты-ұшты...» Міндеті: ойын мазмұнына сай қимылдар жасайды, шапшаң, жылдам болуға дағдыланады. (дене қозғалысы)	Қимылды ойын: «Тапсырманы орында» Міндеті: шапшаң, жылдам болуға дағдыланады. (дене қозғалысы)
Балалардың үйлеріне қайтуы	Ата-аналармен жұмыс: балалармен жасаған жұмыстар туралы әңгімелесу. «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы («Қамқор» жұмыс жобасы бойынша). Сөздік қоры: Сау болыңыз!				

07.04.2025 ж.
Тексерілгені: *Гүлза*
Сабақова З.